

Қарабұлақ ауылдық округінің елді мекендеріндегі кейбір көшелерге атаулар беру және қайта атау туралы

Алматы облысы Кеген ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 2 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 25 қаңтарда № 5964 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Қарабұлақ ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып және Алматы облыстық ономастикалық комиссиясының 2022 жылғы 30 наурыздағы қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қарабұлақ ауылдық округінің елді мекендерінде атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

1) Ақай Нүсіпбеков ауылында:

- атауы жоқ көшесіне – "Қаныш Сәтбаев" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Абай" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Сәдуақас Серкебаев" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Жамбыл" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Серікбай Қанайұлы" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Әділхан Әлдібайұлы" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Нұрбай Бастаубаев" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Қанәділ Әбдікерімов" көшесі;

2) Қарабұлақ ауылында:

- атауы жоқ көшесіне – "Шағаман батыр" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Қасенбай Бөлтірікұлы" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Қожахмет Алдиярбаев" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Мақай Жұмаділұлы" көшесі;
- атауы жоқ көшесіне – "Бақтыбек Үдіманов" көшесі.

2. Қарабұлақ ауылдық округінің Ақай Нүсіпбеков ауылындағы келесі көшелері қайта аталсын:

- Студент көшесін – "Несіпбай Мәшкеев" көшесіне;
- Карл Маркс көшесін – "Сәрсембай Бейсембетұлы" көшесіне;
- Колхозшы көшесін – "Әубәкір Жүнісов" көшесіне;
- Көлбастау көшесін – "Рақым Құтелов" көшесіне;
- М.Әуезов көшесін – "Мұхтар Әуезов" көшесіне.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Е. Жексенбек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК